| | | | |
|---|---|---|---|
| **Мектеп** | "Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Ақсу кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі" | | |
| **Бөлім** | Туған жерім – аялы алтын бесігім | | |
| **Педагогтің Т.А.Ә.** | Исабекова Айнагуль Тлеутсовна | | |
| **Сынып** | 6 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | «Аяз би» ертегісі.<br>Кейіпкерлері | | |
| **Оқу мақсаттары** | 6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау (6.А/И1)<br>6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру (6.Б/С2) | | |
| **Сабақтың мақсаттары** | -Белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасайды.<br>-Кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын салыстырып, түсініп баға береді.<br>-Кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып, қолданып талдайды. | | |
| **Бағалау критерийлері** | 1. Кейіпкерлерді таниды.<br>2. Кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын салыстырады.<br>3. Кейіпкерлерге баға береді. | | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерге мысалдар келтіреді.**<br>Уәзір, гаһар, тұлпар, наубай, Арал теңізі, Барсакелмес, хан<br>**Пән лексикасы және терминология:**<br>Сөздердің тура мағынасы, ертегі, мақал-мәтелдер<br>**Айтылым үшін қажетті сөз тіркестер:**<br>**Аяз хан, ертегі кейіпкерлері, қырық уәзір, шынайы өмір, бір тұлға**<br>**Талқылау сұрақтары:**<br>1.Кейіпкерлердің бойындағы қасиеттерді ашады.<br>2.Кейіпкерлерді шынайы өмірдегі адамдармен салыстырады. | | |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | 6.3.3.1 -әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау. | | |

**Жоспар**

| Сабақтың кезеңі / уақыт | **І.Ұйымдастыру кезеңі** | **Дерек-көздер** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>4 минут | (Оқушыларды түгендеп, сабаққа назарын аударамын. Сабақ мақсатымен таныстырамын)<br>Сабағымыз сәтті өтуіне психологиялық дайындық жасау:<br>(МК) Оқушылар «Бәрі өз қолыңда» бейнебаянын көреді. Сабақтың мақсатына жету әр оқушының өз қолында екенін айтамын.<br><br>**ІІ.Қызығушылықты ояту**<br>1. Оқушылардан «Өзіңізді тексеру» әдісі бойынша оқушылардан үй тапсырмасын сұраймын:<br>Бұл мәлімет ШЫНДЫҚ па немесе ЖАЛҒАН ба?<br>Өтілген тақырып бойынша «Кофе араластырғыш таяқшалар» әдісі бойынша әр балаға сұрақ қоямын, оқушылар жасыл және қызыл таяқшалардың біреуін таңдап алады, таяқшаларда жазылған ақпараттың тақырып бойынша шындық немесе жалған екенін айтады.<br>1. «Аяз би» ертегісінде Жаманға Меңді сұлу гауһар тас,пышақ тәрелке, қайрақ береді. /шындық<br>2. Уәзірлер шөптің жаманы деп қоғаны алады./ жалған<br>3. Хан уәзірлерімен келіспей, Жаманның әйелін алу үшін Жаманды | |

Барсакелмеске жұмсайды./жалған
4. Хан Жаманды Ақша ханның еліне көшіріп жібереді./шындық
5. Жаман тұлпардың сиырға шатыс екенін білмеді./жалған
6.Жаманды шақыруға хан екі жігітті жібереді./жалған
7. Мадан хан гауһар тастың ішінде құрт бар екенін білді./жалған
8. Уәли байдың қызы Меңді сұлуға келген бай балалары мен Хан балалары қыз берген заттарды көргенде ашуланды./шындық
9. Хан шаңыраққа қарап,ойланып жатып 40 уәзіріне жұмбақ жасырды./шындық

Сабақтың ортасы
10 минут

10. Жаман ханның наубайдың баласы екенін білді./шындық
11. Меңді сұлу берген заттарды Жаман алмады./жалған
12. Жаман ханның наубайдың баласы екенін білді.
13. Мадан хан інжілі үйректі тәж қылып киеді./жалған
14. Жаман шөптің жаманы қарақоға деді.

2. Топқа бөлу

Берілген сұрақтардың жауаптарында 7 «шындық», 7 «жалған» мәлімет беріледі, шындық деп жауап берген оқушылар бір топқа, жалған деп жауап берген оқушылар бір топқа бөлініп отырады.

**Қ.Б: Қол шапалақтау**

5 мин

**«Болжау»** стратегиясы бойынша суреттер арқылы жаңа сабақтың тақырыбын болжайды.






Міне, балалар, «Әй, Аяз би баймын деп аспа, ханмын деп таспа; Аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» -деп Аяз би айтқандай ақылдылығымен қарадан хан болған, өліммен бетпе-бет келген күннің өзінде сертіне берік болған, әділ билік айта білген «Аяз би» ертегісінің кейіпкерлері туралы білімімізді толықтырамыз.

2 мин

**«Ғылыми талдау»** стратегиясы бойынша
1-топ: Жаман бойындағы адами қасиеттерді ашады.

| **Ертегі кейіпкері** | **Адамгершілік қасиеті** | **Іс-әрекеті** | **Өз бағаң Себебі** |
|---|---|---|---|
| | | | |

2 мин

7 мин

5 мин

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Жаман** | **Ақылды, көреген** | **Ханның шығу тегін тура табуы. Қыз жұмбағын шешуі оның ақылдылығын көрегендігін білдіреді** | **Мен бұл пікірмен келісемін, себебі бұндай көрегендікті тек зерделі адам ғана айта алады** |
| | **Сертіне берік** | **Менді сұлуға берген сертін өлім алдында тұрса да бұзбауы** | **Нағыз ер жігітке тән қасиет** |
| | **Кешірімді** | **40 уәзірдің арам пиғылды істеріне кешірімділікпен қарауы** | **Тек кең жүректі адам ғана 40 уәзір зұлымдығын кешіре аладыи сондықтан мен бұл пікірмен келісемін** |
| | **Данагөй** | Әй, Аяз би баймын деп аспа, ханмын деп таспа.<br><br>Аяз әліңді біл, құмырсқа жолынды біл деген нақыл сөздерінен көруге болады | **Бұл айтылған нақыл сөзді өз өмірімде есте сақтап қаламын, себебі бұл сөз мені өмірдің қандай кезеңінде болсын адамдық кейпімді сақтап қалуыма көмектеседі** |
| **Ертегі кейіпкері** | **Адамгершілік қасиеті** | **Іс-әрекеті** | **Өз бағаң<br>Себебі** |
| **Мадан** | **Ақылды** | | |
| | **Кешірімді** | | |
| | **Әділ** | | |
| | **Аңқау** | | |

**2-топ:** Мадан ханның бойындағы адами қасиеттерді ашады.

**Дескриптор:**

1. ейіпкерлердің бойындағы қасиеттерді ашады.
2. пизодтың алатын маңызына негіздеме жасайды.
3. Кейіпкерлерге баға береді.

**ҚБ:** Топтар бір-бірін «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалайды.

**«Лоторея барабаны» әдісі** арқылы кейіпкерлерге шынайы өмірдегі адамдармен салыстыра отырып баға береді.

Екі топтан бір-бір өкіл шығады. Бірінші топтың өкілі Менді сұлудың, екінші топтың өкілі қырық уәзірдің шынайы өмірдегі адамдармен салыстыра отырып баға береді.

**Дескриптор:**

1. Кейіпкерлерге баға береді.
2. Шынайы өмірдегі адамдармен салыстырады.

**Қ.Б: «Қол шапалақтау»**

**«Дара диаграмма»** әдісі арқылы екі топтың оқушылары ертегідегі Жаман бейнесіне талдау жасайды.

1-топ:

1.Ертегідегі Жаман (Аяз би) бейнесіне талдау жасаңыз.

2.Оның бейнесі арқылы халықтың қандай арманы мен ойы көрініс

| | | |
|---|---|---|
| | тапқан деп ойлайсыз?<br>2-топ:<br>1.Жаманға ұқсағың келе ме, қай қасиеті көбірек ұнайды?<br>2.Қазіргі жастар бойында осындай қасиеттер кездесе ме?<br>Дескриптор Білім алушы<br>- кейіпкердің бейнесін сипаттайды;<br>- кейіпкер бейнесі арқылы халық арманын анықтайды;<br>- өз көзқарасын білдіреді.<br>**ҚБ:**   | |
| Сабақты бекіту<br><br>2 минут | III. Ойтолғаныс<br>***«Біреуге ор қазба, өзің түсесің»*** мақал-мәтелдің мағынасы қандай? Соны уәзірлердің қылықтарынан мысал келтіре отырып ойтолғау жаз. | |
| Сабақтың соңы<br>3 минут<br><br>Үйге тапсырма | «Ашық микрофон» әдісі<br>1.Сабақта сізге не маңызды болды?<br>2.Қандай тапсырма қиындық келтірді?<br>«Жетістік ағашы»<br>1-топ: Белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасайды.<br>2-топ: Кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын салыстырып, түсініп баға береді.<br>3-топ: Кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып, қолданып талдайды.<br> | стикер |